

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының және Еуразиялық экономикалық комиссияның қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 24 Өкімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 16-бабының 6-тармағына сәйкес:

1. 2022 жылғы 31 қазаннан бастап 16 қарашаға дейінгі аралықтағы кезеңде Еуразиялық экономикалық одақ Сотының және 2022 жылғы 17 қарашадан бастап 2 желтоқсанға дейінгі аралықтағы кезеңде Еуразиялық экономикалық комиссияның 2018-2020 жылдар ішіндегі қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізілсін.

2. Ревизиялық топтың мына құрамы бекітілсін:

Қырғыз Республикасынан

Бердыбаев Эмиль Эсенович	- Қырғыз Республикасы Қаржы министрлігінің ішкі аудит бөлімінің бас маманы (ревизиялық топтың төрағасы)
-----------------------------	---

Армения Республикасынан

Абгарян Рузанна Айказовна	- Армения Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы-бюджеттік бақылау басқармасы дерекқорларды басқару, тексерулерді талдау мен үйлестіру бөлімінің бас бақылаушысы
------------------------------	--

Беларусь Республикасынан

Главинская Наталья Петровна	- Беларусь Республикасы Қаржы министрлігі Бақылау-ревизия бас басқармасы бюджеттік қаражатты пайдалануды қаржылық бақылау басқармасының консультанты (Еуразиялық экономикалық комиссияда ревизия жүргізу жөніндегі ревизиялық топтың құрамында)
--------------------------------	---

Адамович Светлана Аркадьевна	- Беларусь Республикасы Қаржы министрлігі Бақылау-ревизия бас басқармасы бақылау жұмысын ұйымдастыру бөлімінің консультанты (Еуразиялық экономикалық одақ Сотында ревизия жүргізу жөніндегі ревизиялық топтың құрамында)
---------------------------------	--

Қазақстан Республикасынан

--	--

Мүтиев Мәулен Асқарұлы	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Сәйкестік аудиті басқармасының басшысы
---------------------------	--

Ресей Федерациясынан

Кудряшова Людмила Александровна	- Федералдық қазынашылықтың Ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау қызметі, сот жүйесі және қорғаныс кешені саласындағы бақылау-ревизия басқармасының әділет, прокуратура, тергеу және сот жүйесі органдары бақылау-ревизия бөлімінің бастығы.
------------------------------------	---

3. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қ ы р ғ ы з Республикасынан	Р е с е й Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	--------------------------------	-----------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК